

**МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ПАРЛАМЕНТАРИЗМ ИНСТИТУТЫ»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫНЫҢ
ЖӘНЕ
ҚАЗАҚСТАН-АМЕРИКАНДЫҚ ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТІ
АРАСЫНДАҒЫ**

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының «**Парламентаризм институты**» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын атынан, бұдан әрі «**1-Тарап**» деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет ететін директоры – **Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлы**, бір жағынан және **Қазақстан-Американдық еркін университеті** атынан, бұдан әрі «**2-Тарап**» деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет ететін Президент **Мәмбетқазиев Ережеп Әлқайырұлы**, екінші жағынан, бірлесіп «**Тараптар**» деп аталып, білім және ғылым салаларында екі жақты ынтымақтастықты дамытуға өзара мүдделілік білдіре отырып, өзара түсіністік пен өзара тиімді ынтымақтастық қағидаттарын басшылыққа ала отырып, төмендегілер бойынша осы ынтымақтастық туралы меморандумды (бұдан әрі – Меморандум) жасасты:

1. Меморандумның мақсаты

1.1. Осы Меморандумның мақсаты тараптардың өзара бизнес пен құқық саласындағы заңнаманы жетілдіру, сондай-ақ бірлескен іс-шараларды өткізудің тиімді ынтымақтастығы болып табылады.

2. Меморандумды іске асыру нысандары

2.2. Осы Меморандумды іске асыру үшін Тараптар:

- бизнес пен құқық саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша бірлескен іс-шаралар мен жобаларды жүзеге асыруға;
- осы Меморандум шеңберінде әзірленген біліммен, құзыреттермен және табысты практикамен өзара алмасуға;
- зерттеулердің басым бағыттары бойынша заманауи технологиялар мен әдістерді әзірлеу және енгізу саласында тәжірибе алмасуға;
- ғылыми зерттеулер жөніндегі басылымдармен, материалдармен, оқу және ғылыми әдебиеттермен алмасуға ықпал етуге;
- конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да ғылыми іс-шараларды бірлесіп ұйымдастыруға;
- ғылыми кеңес алу үшін мамандарды тартуға және заңнаманы әзірлеу жөніндегі жұмыс топтарына қатысуға ықпал ету;

Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Институт парламентаризма» Управления материально-технического обеспечения, именуемое в дальнейшем «**Сторона 1**» в лице начальника – директора **Сафинова Канатбека Бейсенбековича**, действующего на основании Устава с одной стороны и **Казахстанско-Американский свободный университет**, именуемый в дальнейшем «**Сторона 2**», в лице Президента **Мамбетқазиева Ережепа Альхайровича**, действующего на основании Устава, с другой стороны, вместе именуемые «**Стороны**», выражая взаимную заинтересованность в развитии двухстороннего сотрудничества в образовательной и научной сферах, руководствуясь принципами взаимопонимания и взаимовыгодного сотрудничества, заключили настоящий Меморандум о сотрудничестве (далее – Меморандум) о нижеследующем:

1. Цель Меморандума

1.1. Целью настоящего Меморандума является взаимовыгодное сотрудничество сторон в сфере совершенствования законодательства в области бизнеса и права, а также проведения совместных мероприятий.

2. Формы реализации Меморандума

2.2. Для реализации настоящего Меморандума Стороны договариваются:

- осуществлять совместные мероприятия и проекты по совершенствованию законодательства в сфере бизнеса и права;
- осуществлять взаимный обмен знаниями, компетенциями и успешной практикой, выработанными в рамках настоящего Меморандума;
- обмениваться опытом в сфере создания и внедрения современных технологий и методов по приоритетным направлениям исследований;
- способствовать обмену публикациями, материалами, учебной и научной литературой по научным исследованиям;
- совместно организовывать конференции, семинары, круглые столы и другие научные мероприятия;

– ынтымақтастық процесінде Тараптармен келісілген басқа да көмек түрлерін көрсетуге келіседі.

2.2. Тараптар ынтымақтастықтың шарттары, тақырыптары, қатысушылары мен бағыттары келісілгеннен кейін Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған, бірлескен бағдарламалар, жобалар бойынша бөлек жасалған шарттар негізінде тараптардың арасындағы ынтымақтастықты жүзеге асыруға уағдаласады.

2.3. Тараптар өзара келісім бойынша жеке шақыру негізінде тағылымдаманың ғылыми және басқа да түрлерін, сондай-ақ мүмкіндік болған жағдайда білім алушылардың практикасының барлық түрлерін жүзеге асырады.

2.4. Осы Меморандум халықаралық міндеттемелер тудырмайды және Тараптарға заңды және қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

3. Әрекет ету мерзімі. Меморандумның шарттарын өзгерту / толықтыру

3.1. Осы Меморандум оған екі Тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және қол қойылған күннен бастап 5 жыл ішінде әрекет етеді.

3.2. Меморандум Тараптардың бірінің жазбаша хабарламасы негізінде бұзылуы мүмкін және екінші Тарапқа Меморандумды бұзу туралы хабарлама жіберілген күннен бастап 1 (бір) ай өткен соң, өзінің әрекет етуін тоқтатады.

3.3. Осы Меморандум, егер Тараптардың бірі кезекті кезең аяқталғанға дейін кемінде 1 (бір) ай бұрын жазбаша түрде екінші Тарапқа оның әрекет етуін тоқтату ниеті туралы хабарлама жібермесе, келесі бес жылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылады.

3.4. Осы Меморандумға кез келген өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалған және оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды болады. Осы Меморандумға Қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

3.5. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз, осы Меморандум бойынша өз құқықтарын үшінші тарапқа беруге құқығы жоқ.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

– способствовать привлечению специалистов для научного консультирования и участия в рабочих группах по разработке законопроектов;

– оказывать иные виды помощи, согласованные Сторонами в процессе сотрудничества.

2.2 Стороны договариваются, что сотрудничество между ними будет осуществляться на основании отдельно заключенных договоров по совместным программам, проектам подписанных уполномоченными представителями Сторон после согласования условий, тем, участников и направлений сотрудничества.

2.3 Стороны осуществляют по взаимному согласованию научные и другие виды стажировок на основе индивидуальных приглашений, а также все виды практик обучающихся при наличии возможности.

2.4 Настоящий меморандум не создает международных обязательств и не налагает на Стороны юридических и финансовых обязательств.

3. Срок действия. Изменение / дополнение условий Меморандума

3.1 Настоящий Меморандум вступает в силу со дня его подписания обеими Сторонами и действителен в течение 5 лет с даты подписания.

3.2 Меморандум, может быть, расторгнут с письменного уведомления одной из Сторон, и прекращает свое действие по истечении 1 (одного) месяца со дня направления другой Стороне уведомления о расторжении Меморандума.

3.3 Настоящий Меморандум автоматически продлевается на следующий пятилетний период, если одна из Сторон в письменной форме не менее, чем за 1 (один) месяц до истечения очередного периода, не направит другой Стороне уведомление о своем намерении прекратить его действие.

3.4 Любые изменения и дополнения к настоящему Меморандуму действительны лишь при условии, что они совершены в письменной форме и подписаны уполномоченными на то представителями Сторон. Приложения к настоящему Меморандуму составляют его неотъемлемую часть.

3.5. Ни одна из Сторон не вправе передавать свои права по настоящему Меморандуму третьей стороне без письменного согласия другой Стороны.

Тараптардың мынадай құқықтары мен міндеттері бар:

4.1. Екінші Тарапқа осы Меморандумда айқындалған, бірлескен қызмет бағыттары бойынша жұмыс істеу үшін қажетті ақпарат беру.

4.2. Бірлескен жобаларды іске асыруға, оның ішінде Тараптардың мамандарын тарту арқылы қатысу.

4.3. Екінші Тарапқа тиесілі ақпаратты Меморандумның мақсаттарына қол жеткізу үшін ғана пайдалану.

4.4. Осы Меморандумның мәтіні мен шарттарына енгізілмеген, бірақ Меморандум Тараптарының мүдделері мен іскерлік беделін қозғайтын, ол бойынша Тараптардың қатынастарынан тікелей немесе жанама туындайтын барлық мәселелер бойынша осы Меморандумның Тараптары, оларды қорғау және заңмен қорғалатын құқықтар мен мүдделер қажеттігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары мен ережелерін басшылыққа алатын болады.

5. Өзге де шарттар

5.1. Осы Меморандум оған қол қойған Тараптар үшін қаржылық міндеттемелерге әкеп соқпайды.

5.2. Осы Меморандум тиісті шарттар күшіне енген күннен бастап қаржылық және өзге де міндеттемелері туындайтын өтеулі жұмыстар мен қызмет көрсетулерді жүзеге асыру үшін Тараптар арасында Шарттар жасасуға кедергі келтірмейді.

6. Форс-мажорлық мән-жайлар

6.1. Тараптардың бірі осы Меморандум бойынша міндеттемелерін, Тараптарға байланысты емес, орындай алмау немесе ішінара орындау жағдайы туындаған кезде міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлардың әрекет ету уақытына мөлшерлес ауысады.

6.2. Осы Меморандум бойынша міндеттемелерді орындай алмау жағдайы туындаған Тарап міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін мән-жайлардың басталуы және тоқтатылуы туралы екінші Тарапқа хабарлауы тиіс.

6.3. Тиісті уәкілетті органдар мен ұйымдардың құжаттары жоғарыда

4. Права и обязанности сторон

Стороны имеют следующие права и обязанности:

4.1. Предоставлять другой Стороне необходимую информацию для работы по направлениям совместной деятельности, определенным настоящим Меморандумом.

4.2. Участвовать в реализации совместных проектов, в том числе путем привлечения специалистов Сторон.

4.3. Использовать информацию, принадлежащую другой Стороне, только для достижения целей Меморандума.

4.4. По всем вопросам, не вошедшим в текст и условия настоящего Меморандума, но прямо или косвенно вытекающим из отношений Сторон по нему, затрагивающих интересы и деловую репутацию Сторон Меморандума, имея в виду необходимость их защиты и охраняемых законом прав и интересов, Стороны настоящего Меморандума будут руководствоваться нормами и положениями действующего законодательства Республики Казахстан.

5. Прочие условия

5.1. Настоящий Меморандум не влечет финансовых обязательств для подписавших его Сторон.

5.2. Настоящий Меморандум не препятствует заключению Договоров между Сторонами для осуществления возмездных работ и услуг, финансовые и прочие обязательства, которые наступают с даты вступления в силу соответствующих договоров.

6. Форс-мажорные обстоятельства

6.1. При наступлении обстоятельства невозможности или частичного исполнения одной из Сторон обязательств по настоящему Меморандуму, не зависящих от Сторон, срок исполнения обязательств сдвигается соразмерно времени, в течение которого будут действовать такие обстоятельства.

6.2. Сторона, для которой создалась невозможность исполнения обязательств по настоящему Меморандуму, должна известить другую Сторону о наступлении и прекращении обстоятельств, препятствующих исполнению обязательств.

көрсетілген мән-жайлардың болуының тиісті дәлелі болып табылады.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Меморандум Тараптардың әрқайсысының бастамасы бойынша талқылау үшін ұсынылуы мүмкін ынтымақтастықтың өзге де нысандарын жоққа шығармайды.

7.2. Осы Меморандумға қатысты даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келіссөздер арқылы шешілетін болады.

7.3. Ынтымақтастық бойынша нақты шаралар, оларды өткізу мерзімдері Тараптардың мүдделі бөлімшелері әзірлейтін жұмыс бағдарламаларында және хаттамаларда айқындалатын болады.

7.4. Осы Меморандум екі данада, мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Екі дана да тең және бірдей заңды күшке ие. Тараптардың әрқайсысында осы Меморандумның бір данасы болады.

6.3 Надлежащим доказательством наличия указанных выше обстоятельств будут служить документы соответствующих уполномоченных органов и организаций.

7. Заключительные положения

7.1 Настоящий Меморандум не исключает иных форм сотрудничества, которые могут быть предложены для обсуждения по инициативе каждой из Сторон.

7.2 Споры и разногласия, касающиеся настоящего Меморандума, будут решаться путем переговоров в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

7.3 Конкретные меры по сотрудничеству, сроки их проведения будут определяться в рабочих программах и протоколах, составляемых заинтересованными подразделениями Сторон.

7.4 Настоящий Меморандум составлен в двух экземплярах, на государственном и русском языках. Оба экземпляра идентичны и имеют одинаковую юридическую силу. У каждой из Сторон находится один экземпляр настоящего Меморандума.

Тараптардың қолы/Подписи сторон:

МТҚБ «Парламентаризм институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының директоры
Директор Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Института парламентаризма» УМТО



Қ.Б. САФИНОВ

2025 жылғы 11 айының 11 күні

Қазақстан-Америка еркін университетінің президенті, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі / Президент Қазақстанско-Американского свободного университета, академик Национальной академии наук Республики Казахстан при Президенте Республики Казахстан

Е.А. МАМБЕТҚАЗИЕВ



2025 год